

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 08(502) 18 мамыр 2021 жылы



**БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ**

ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Айта кетейік, студенттердің дәстүрлі сайысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы», Түркістан облысы әкімдігі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен өтуде.

5 БЕТТЕ

ДӘРІГЕР МАМАНДЫҒЫ - БАРЛЫҚ УАҚИТТА СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАРДЫҒЫ БІРІ

Біздің Ахмет Ясауи университеті — түркі әлеміндегі бірегей университет. Университет ғалымдарының ғылыми жобаларын жүзеге асыру жыл сайынғы және ұзақ мерзімді ғылыми жоспарлау негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің тұрақты бақылауымен жүзеге асырылады. Түркия мемлекетімен және де көптеген шет елдермен академиялық ұтқырлық бойынша екі жақты келісім шарттар мен меморандумдар түзілген.

6 БЕТТЕ

DEĞERLİ TÜRKİYELİ KARDEŞLERİM, MESLEKTAŞLAR!

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi çalışanları olarak Türk kardeşlerimizi Türkiye Cumhuriyeti Gençlik ve Spor Bayramı'nı içtenlikle kutluyor ve kardeş Türk halkına sağlık, huzur, güven, başarı ve mutluluklar dileyerek gençlik ve spor bayramını kutlarız.

7 БЕТТЕ



Құрметті әріптестер мен түркиялық бауырлар!

Сіздерді 19 мамыр Мұстафа Кемал Ататүрікті еске алу күні мен Түркия Республикасының жастар және спорт мерекесімен құттықтаймыз!

Тарихы тереңде жатқан бұл мереке Түркия елі үшін орны ерекше. Тәуелсіздік үшін ұлттық қозғалыста жастардың қолына қару алып қарсы тұрған күні. Екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың бір белгісі Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түркі жастарының басын қосып, достық көпіріне айналып отыр. Түбі бір түркі халықтары арасындағы ынтымақтастық пен достық қатынас арта берсін.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет басшылығы мен ұжымы Түркия елін жастар және спорт мерекесі күнімен шын жүректен құттықтап, бауырлас түрік халқына бейбітшілік пен бақ-береке, дамудың даңғыл жолын тілейміз.

Жанар ТЕМІРБЕКОВА, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры

1919 жылдың 19 мамырында тәуелсіздік үшін күрескен ұлттық-революциялық қозғалыс лидері Мұстафа Кемал Ататүрік 9-ы армияның инспекторы ретінде Самсунға келіп, шетелдік интервенцияға қарсы мобилизация жариялады. Бұл күн Түркияның азаттығы үшін соғыстың ресми басталған күні болып саналады. Сонымен қатар Ататүрік 19 мамырды өзінің туған күні деп жариялайды. (оның нақты туған күні белгісіз).

Тәуелсіздік үшін ұлттық қозғалыстың негізін жастар құрағандықтан, 1938 жылдың 20 маусымында 19 мамырды Жастар және спорт күні ретінде белгілеу туралы заң шықты. 1980 жылдың 12 қыркүйегінен бұл күннің ресми атауы «Ататүрікті еске алу, жастар және спорт күні» деп аталып келеді.

ОҚУ ОРНЫМЫЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА!

Жақында ғана Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) ұйымдастырған 2021 жылғы рейтинг нәтижелері жарияланды. Аталған рейтингке 85-тен астам көпсалалы, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық, педагогикалық, сондай-ақ өнер бағытындағы жоғары оқу орындары қатысты. Рейтингке оқу ордамыздан 101 білім беру бағдарламалары қатысып, республика бойынша ТОП 20 Бас Рейтинг нәтижесінде Ахмет Ясауи университеті көшбасшылар ретінде үздік бестіктер қатарынан көрінді және 54230 ұпаймен 5-ші орынды иеленді.

Рейтинг әдіснамасы Академиялық саралау мен үстемдік бойынша халықаралық обсерваториясының (IREG/Observatory on Academic Ranking and Excellence) аудитінен сәтті өткен және "IREG Approved/ IREG Мақұлданды" жоғары сапа белгісін алған Қазақстандағы алғашқы және әлемдегі бесінші ұйым. Бұл көрсеткіш IAAR жоғары оқу орындары рейтингінің әлемдік стандарттарға толығымен



сәйкестігін және оқу орындарын жоғары білім сапасына жетелейтінін білдіреді.

Оқу орнымыз алдыңғы жылдары 11-ші, сонан соң 9-шы орынды иеленген болатын. Ұжымның биылғы бұл жеңісі – барлығымызға ортақ қуаныш. Оқу ордамызға мұнан да жоғары нәтижелер, сәттіліктер тілейміз!

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы

КАФЕДРА МЕРЕЙІ

МАТЕМАТИКА КАФЕДРАСЫНДАҒЫ
ЖЕТІСТІКТЕР

Жаратылыстану факультетіне қарасты Математика кафедрасының білім және ғылым саласындағы жетістіктері аз емес. «Білім инемен құдық қазғандай» деп халқымыздың дана сөздеріне сүйене отырып, жас ұрпаққа білім жолында аянбай еңбек етіп, өз еңбектерінің жемісін шәкірттерінің жетістіктері арқылы бағалап, оларды тәрбиелеуге өз үлестерін қоса білген Математика кафедрасы – үлкен жетістіктерге жетіп келе жатқан ұжым.

Математика кафедрасында 18 оқытушы-профессорлар жұмыс жасайды. Оның ішінде 6 жас оқытушы ғалымдар бар. Барлық жас ғалымдар - кафедра түлектері. PhD, аға оқытушы Бақытбек Сәрсенов Жаратылыстану факультетінің оқу істері жөніндегі декан орынбасары, бірнеше импакт факторлы ғылыми мақалалары бар, Өкілетті кеңестің жариялаған гранттың жобасының жетекшісі. PhD, аға оқытушы Мөлдір Мұратбекова 2018 жылдың қазан айында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде докторлық диссертациясын сәтті қорғап, қазіргі уақытта Жаратылыстану факультетінің ғылыми істері жөніндегі декан орынбасары қызметін атқарып келеді. Бірнеше импакт факторы бар ғылыми мақалалардың авторы, гранттық жобалардың орындаушысы. PhD, аға оқытушы Индира Омарова 2020 жылдың маусым айында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын сәтті қорғап, кафедрада шәкірттерді тәрбиелеп, аға оқытушылық қызметін жалғастыруда. PhD, аға оқытушы Мейірхан Бөріханов 2021 жылдың ақпан айында 6D060100-Математика мамандығы бойынша докторлық диссертациясын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –де сәтті қорғап, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Бельгия мемлекетінің Гент қаласы



Гент университетінде ғылыми тағылымдамада өтуде. Аға оқытушылар: Жазира Еркишева мен Жаннур Тұрғанбаева 6D010900 - Математика мамандығын 2020ж. бітіріп, докторлық диссертацияларын Абай атындағы Қаз ҰПУ –де қорғауға дайындық үстінде.

Математика кафедрасының профессор - оқытушылар құрамы шәкірттер дайындауда аянбай еңбек етіп келеді. Кафедрада

жұмыс жасайтын 18 профессор оқытушының 4 –і ҚР БЖФМ «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегерлері. Атап айтар болсақ, профессор, пед. ғ.д. Камалбек Беркімбаев - «ЖОО үздік оқытушысы-2007», профессор, ф.-м.ғ.к., Исабек Оразов - «ЖОО үздік оқытушысы -2014»; профессор, ф.-м.ғ.к., Мұрат Сұлтанов «ЖОО үздік оқытушысы -2018», ал доцент, ф.-м.ғ.к. Күлзина Назарова «ЖОО үздік оқытушысы -2019». Сонымен қатар, кафедрада 2017 жылғы Мемлекеттік ғылыми степендия иегері профессор, ф.-м.ғ.д. Тұрметов Батырхан және 2020 жылғы Мемлекеттік степендия иегері профессор, пед. ғ.д. Беркімбаев Камалбек жұмыс жасайды.

Осындай білікті де білімді, ғылымды дамыту жолында жоғарғы дәрежелі жетістікке жеткен ғалым ұстаздардан білім алып, еліміздің көркеюіне үлес қосатын, заман талабындағы сұранысқа ие болатын мамандық иесі атануды қаласаңыздар «6B01509-Математика», «6B05449-Математика» білім беру бағдарламаларын таңдауға шақырамыз.



ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЕЛІМ БАР ДЕП МАҚТАНАМ!

Сан ғасырды азаппенен кешірген,
Нәубет-ғұмыр қалай шығар есіңнен?
Азып-тозып жүрсе-дағы аз қазақ,
Қаншама алып тұлғаларды өсірген!

Тығырыққа тірелсе де дйттеген,
Бір басына ауыр нала жүктеген.
Қайтпас мінез қайсарлықпен ер Қазақ,
Ауыр күнге тап боларын күтпеген.

Желтоқсаның мұздағында ызғарлы,
Талай жастың жүрегінде мұз қалды.
Қазақ мұңын, қазақ жоғын жоқтаған,
Жас өреннің жан дүниесі сыздады.

Мұсылманың мешіттері шағылды,
Мәңгірттерім өзге дінге бағынды.
Қазағымның қадір тұтқан Кітабы,
Ала күл боп қара пешке жағылды.

Жас жалынын өмір сызат сызғанда,
Отан үшін отқа түсті қыздар да.
Қалмақ шауып құлатпаған туынды,
Лақтырмақ па қара ниет құздан да?

Бабалардың аманатын ақтаған,
Батырларым бекер қарап жатпаған.
Қазақтығын, ғажаптығын сақтаған,
Қазақ деген елім бар деп мақтанам!

Құмаргүл ДОСАНХАНҚЫЗЫ
1-курс студенті



СҰЛУЛЫҚҚА СҰЛУ ӨЛЕҢ

Ерге де,
Әйелге де ырыздықты тең бөлген,
Біз сондықтан бақыттымыз сендермен.
О арулар!
Қарындастар, аналар!
Ең бақытты жандарсыңдар мен көрген.
Замананың заңғар ойын меңгерген,
Сұлулықпен бар әлемге өң берген.
Әдемілік тек сендерге тән ұғым,
Ең көрікті жаратылыс мен көрген.
Жан сұлулық ар - иманмен сәнделген,
Тән сұлулық тектілікке мән берген.
Екеуі де сендер үшін бағалы,
Ең қымбат сый мен көрген.
Сұлулықтың шежіресінен сыр шерткен,
Хауа ананың өнегесін үлгі еткен.
Өзін ерден төмен ұстап сыйлаған,
Мен сендерге басымды ием құрметпен.
Ана деген асыл сөздің тегінде,
Бір ұлы күш жатады екен көмілген.
Жәннат баққа бастар жолдың бірі иманға,
Екіншісі тек сендерге берілген.
Жанарлары күндей күлген мейірмен,
Нәзік жандар аулақ болсын кеюден.
Әйелге тән бар бақытқа балқындар,
Баға жетпес өмірдегі алтындыр!
Сүйкімдіні, жылатпағын сүй жаным,
Махаббат пен сұлулыққа қи бәрін.
Сезімдердің басын қосып жүректен,
Сұлулыққа сұлу өлең сыйладым.

Қағыбат БӨКЕН
1-курс студенті

СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР - БОЙҒА ҚУАТ, ЖҮРЕККЕ СЕНІМ, БІЛЕККЕ КҮШ БЕРЕТІН РУХТЫ ӘЛЕМ

XI жазғы Универсиада - 30 спорт түрінен өткізіліп отырған ауқымды спорттық-бұқаралық жоба. Универсиада аясындағы жарыстар спорттың 30 түрінен 2 мамыр мен 10 маусым аралығында Түркістан, Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз, Қостанай, Өскемен қалаларында өтуде. Қазіргі таңда 25 университеттің студенттері өзара сайысқа түсуде. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында спорттық сайыстар өткізіліп жатыр. Бүгінде 30 спорт түрінің 11-і бойынша сайыстар мәресіне жетіп, жеңімпаздары анықталып үлгерді (Нұр-Сұлтан қаласында - армрестлинг (қол күресі); Алматыда - бадминтон, жүзу, шахмат, жеңіл атлетика, президенттік көпсайыс, садақ ату; Түркістанда - самбо, бокс, қазақ күресі, волейбол).

САМБОДАН САЙЫС АЯҚТАЛДЫ

XI жазғы Универсиаданың самбо спорт түрінен жарыс өз мәресіне жетті. Боз кілемде белдескен палуандар өз оқу ордасының намысын қорғап бақты. Тартысты әрі қызықты өткен жарыста командалық есеп бойынша әйелдер және ерлер арасындағы жеңіс Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің еншісінде.

Жалпы командалық есеп бойынша қыздар мен ерлер арасында

I орын **Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**;

II орын **Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**;

III орын **Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті**.

Жеңімпаз дайындаған ХҚТУ жаттықтырушылары - Әбдісадық Халилаев пен доцент Бағдат Баймұханбетов. Ал ерлердің жаттықтырушылары - Жақыпбек Қасымбеков пен Мұхтар Бөгенбаев.

Барша жеңімпаз спортшылар мен жаттықтырушыларды жеңістерімен құттықтаймыз!



XI жазғы универсиада:ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Қыздар мен ерлер арасындағы қазақ күресі өз мәресіне жетті. Төрт күнге созылған байрақты бәсекеде университетіміздің палуандары мықтылықтарымен көзге түсті. Тартысты өткен жарыста командалық есеп бойынша әйелдер және ерлер арасындағы жеңісті біздің университетіміз еншіледі.

Әрине, бақ сынаған өзге де университет спортшылары біздің палуандарымызға мықты қарсылас бола алды. Дегенмен, жеңісті қолдан бермейтін спортшыларымыз өз баптарын жоғалтпады.

Жарыс қорытындысына сәйкес жалпы командалық есеп бойынша қыздар мен ерлер арасында – I орын **Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**, II орын **М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**, III орын **Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне** бұйырды.

Жұлделі орындарға ие болған университеттерді жеңістерімен құттықтаймыз! Осы ретте, студенттер қауымының жеңісі ел спортының дамуына серпін беріп, мемлекетіміздің халықаралық аренадағы беделін көтеруге септігін тигізетінін атап өтуіміз керек. Жеңімпаз спортшы қыздарымыздың жаттықтырушылары Әбдісадық Халилаев пен Нарықбай Роллан. Ал қайратты ерлердің жаттықтырушылары Жақыпбек Қасымбеков пен Мұхтар Бөгенбаевты шәкірттерінің жеңістерімен құттықтаймыз!



ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Универсиада аясында ерлер арасында волейбол спорт түрінен өткен сайыс қорытындыланды.

Сайыста 10 жоғары оқу орнының командалары бақ сынасқан болатын. 8 күнге созылған тартысты ойынның нәтижесі бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті.

1-орын **Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**;

2-орын **Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**;

3-орын **Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті**.

Осылай Универсиаданың тағы бір спорт түрінің жарысы өз мәресіне жетті.



XI ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА: БОКС

ЖОО арасындағы XI жазғы универсиаданың бокс (ерлер, қыздар) спорт түрінен өткен жарысы өз мәресіне жетті. Былғары қолғап шеберлері өз оқу ордасының намысын қорғап бақты. Командалық есеп бойынша әйелдер және ерлер арасындағы жеңіс біздің университетіміздің еншісінде.

Жалпы командалық есеп бойынша қыздар арасында – I орын **Қожа**

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, II орын

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, III орын

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіне бұйырды.

Ал ерлер арасында жалпы командалық есеп бойынша I - орын **Қожа**

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, II орын

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, III орын

Халықаралық туризм және меймандостық университетіне бұйырды.

Айта кетейік, тартысты додада университетімізді жеңіс тұғырынан көрсеткен спортшыларымыздың жаттықтырушылары Еркебұлан Купесов, Баетов Көпжасар, Дайрабаев Мақсат, Баетов Биназар.



УНИВЕРСИАДА

ХІ ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА:



лебіз

Ауыл-аймақтарда талантымен танылып жүрген жас жеткіншектердің Универсиадада өнер көрсетуі даңғыл жолдың, әлемдік арена мен тіпті Олимпиада ойындарының бастамасы болуы ғажап емес. Таланттарды тәрбиелеп ұлы дүбірге қосып отырған ұлағатты ұстаздар қауымы білім ордаларының басшылығымен тығыз қарым-қатынаста бірігіп тиісті шараларды қабылдап, жастардың аталмыш жобаға қатысуына жағдай жасауы тиіс.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Т.Есентаев.

ҚҰТТЫҚТАУ

Мерекелік кеште ҚР Білім және Ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетовтың құттықтауын ҚР БҒМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» бас директоры Тастанбек Құтжанұлы Есентаев жеткізіп, ХІ жазғы Универсиадасын ресми түрде ашық деп жариялады.

Универсиаданың салтанатты ашылуымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов арнайы құттықтады. Құрметті жас достар, Универсиадаға қатысушылар! Сіздерді Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына арналған Қазақстан Республикасының ХІ жазғы Универсиадасының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! «Білім, ғылымды игерумен қатар, денсаулығы мықты ұлт қана бәсекеге қабілетті болады» деген Елбасы қағидасын жүзеге асыру үшін жыл сайын Универсиада ойындарын ұйымдастырудамыз. Әлемдік Универсиада мен олимпиадалық ойындарда өнер көрсететін спортшыларды іріктеу осындай жарыстардан бастау алары анық. Бұл жарыстардың жеңімпаздары 2022 жылы Қытайда өтетін Дүниежүзілік Универсиадаға Қазақстан Республикасы студенттер құрама командасы сапында қатысып, ел намысын қорғайтын болады. Мемлекетіміздің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Білім мен ғылым ғана емес, спортта талантты және жоғары кәсіби деңгейдегі жас жеткіншектерге қажетті жағдай жасауда білім саласының миссиясы айрықша. Бұқаралық спортты дамыту және жастардың дене шынықтырумен тұрақты айналысуына жағдай жасау, Универсиада сынды ауқымды жобалар арқылы өскелең ұрпақты дұрыс тәрбиелеу тұтас халықтың денсаулығын

жақсартуға оң ықпал етеді деп білеміз. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біздің жастарымыз – мақсатшыл, еңбекқор, бастамашыл!» дей отырып, елдің одан арғы дамуында жастарға зор сенім артып отыр. Болашақта сіздер халықаралық спорт ареналарында, тіпті Олимпиадаға қатысады деп сенеміз. Қазақстан спортының кеңінен құлаш жайып, өсіп-өркендеп, әлемдік деңгейде мойындалғанына студенттер қауымының қосқан үлесі зор. Сондықтан жас спортшылардың жеңісі ел спортының дамуына серпін береді деп сеніммен айтамын. Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін көтеруге және қазақстандық спортты дамытуға үлес қосып жүрген талантты жас спортшыларды мақтан тұтамыз. Спорттық сайыстар - бойға қуат, жүрекке сенім, білекке күш беретін рухты әлем. Сол себепті студенттердің спорт мерекесі жаңарған Түркістан өңіріне тарту болды деп есептейміз! Қадірлі спортсүйер жас достар, сіздерді елімізге, тіпті әлемге танымал дарабоз спорт саңлақтарының қатарынан көргім келеді, баршаңызға спортта ғана емес, оқуда да еліміздің игілігіне бағытталған табыстар мен жоғары жетістіктер тілеймін!

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
А.Аймағамбетов**



ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

XI ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДАСЫНЫҢ РЕСМИ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ

«Түркістан-Арена» стадионында XI жазғы Универсиадасының ашылу салтанаты өтті. Ресми ашылу салтанаты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» атануы және ХҚТУ-нің 30 жылдығы құрметіне арналды.

XI жазғы Универсиадасының ашылу салтанаты еліміздің мемлекеттік Әнұранының Арена төрінде шырқалуымен басталып, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін паш ететін театрландырылған қойылыммен ашылды. Қойылымның соңынан 20 жоғары оқу орнынан келген спортшылардың шеруі жүріп өтті. Сонымен қатар, универсиада тарихына арналған бейне жазба көпшілік назарына ұсынылды.

ЖОО арасында өтіп жатқан сайыстардың төрешілері ойын ережелерін қатаң түрде сақтап, міндеттерін әділ атқаруға ант етті. Ал универсиада алауын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Әбдісадық Халилаев жақты.

Сонымен қатар, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қалқаманов Сәкен Амангелдіұлы және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Темірбекова Жанар Амангелдіқызы, ректор өкілі Женгиз Томар құттықтау сөз сөйлеп, барша дүбірлі додаға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Қонақтардың алғы сөздерінен кейін «Спорт және Өнер» факультетінің талантты студенттерінің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама көпшілікке жол тартты. Арена төрінде оқу ордамыздың «Би-Сұлтан» би ансамблі мың бұрала би биледі. Одан өзге, еліміздің танымал жұлдыздары «AlZaVi» тобы көрермендерге ән-шашуларын арнап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Универсиаданың мақсаты жастар арасында бұқаралық спортты дамыту. XI жазғы Универсиада – 30 спорт түрінен 37 жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен мықтыларды біріктірген ауқымды спорттық бұқаралық жоба.

Айта кетейік, студенттердің дәстүрлі сайысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы», Түркістан облысы әкімдігі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен өтуде.

Ашылу рәсімі «Turkistan TV» телеарнасынан және «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» You Tube каналынан және де Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Yassawi TV» You Tube каналының тікелей эфирінде қалың көрермен назарына ұсынылды.



МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ

PhD ЖҮНИСОВА МИРА :

«ДӘРІГЕР МАМАНДЫҒЫ - БАРЛЫҚ УАҚЫТТА СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ БІРІ»

Халықаралық қазақ-түрік университеті, Медицина факультетінің аға оқытушысы, PhD Жүнісова Мира Бакытжанқызымен аз-кем пікір алмасқан едік. Назарларыңызға ұсынамыз.

- Мамандық таңдауда сізді кім қолдады? Сіздің ата-анаңыз таңдауыңызға қалай қарады?

Менен кім болғым келетіні туралы сұрағанда, мен әрқашан мақтанышпен дәрігер болғым келетінін айтатын едім. Меніңше, бұл мамандық жер бетіндегі ең гуманистік мамандық. Өйткені, дәрігер адамдарға көмектеседі, ауырсынуды жеңілдетеді және тіпті олардың өмірін сақтайды. Бұл мамандықтың өкілдері мейірімді, рухы мықты және біреудің ауырсынуын сезіне білуі керек.

ЖОО талапкерлерінің арасында дәрігерлік әулет өкілдері аз емес. Дәрігердің жұмысы адамның ойлау стиліне өз ізін қалдырады, үйде

ерекше атмосфера қалыптастырады. Осындай жағдайда тәрбиеленіп, бала мамандыққа деген махаббатқа бөленеді, жұмыстың ерекшеліктерін біледі. Ал есейе келе, ата-анасының үлгісімен жүргісі келетінін түсіне бастайды.

Менің кәсіби таңдауыма осы салада көп жылдар бойы қызмет істеген әкем м.ғ.к., доцент Б.К.Жүнісовтің мейірімі мен қатаңдық үлгісі бірге жүретін тұлғасы әсер етті және осы мамандықты таңдағанымға өте

ризашылық танытты. Мен бала кезімде кейде әкемнің қызмет жасаған ауруханасына баратынмын. Ауруханада науқастарды қоршап тұрған тазалық, тәртіпке қатты қызығатынмын. Дәрігерлердің сыртқы келбеті де жағымды әсер қалдыратын. Өйткені көптеген дәрігерлерге тән дәлдік пен қатаңдықтан басқа, науқастар ақ халаттағы жандардың мейірімділігі мен ықыласына ие болатын.

- Сіз университетте қандай студент болдыңыз?

- Бірінші курстан бастап соңғы курсқа дейін барлығы өте қызықты және тартымды болды. Мен жыл сайын, күн сайын медицина мамандығында оқитыным қандай бақыт деп ойладым. Оқу менің эмоционалды үміттерімді толығымен ақтады.

Егер бастапқы курстар туралы айтатын болсақ, онда базалық іргелі ғылымдар, мысалы анатомия пәні еске түседі. Медицинаның негізі болғандықтан оқудың бірінші күнінен бастап адам құрылысын оқытушымен бірге және өзіндік дайындық сағаттарда группаластарымызбен бірігіп дайындалып, таласып жауап беретінбіз. Білім алуға құштар болдық. Оқытушы-профессорлардан үйренгеніміз көп. Дәрігерде басқа адамдарға көмектесуге, оларға жанашырлық танытуға және тек еңбекке қабілетті болуға деген шынайы ықылас болуы керек. Менің ойымша, бұл қасиеттердің бәрі де менің бойымнан табылады деп ойлаймын.

- Медицина саласы қызығы мен қиындығы қатар жүретін сала. Дәрігер болу үлкен жүректілікті талап етеді. Мамандық саласындағы қиындықтардан қорықпадыңыз ба?

- Жоқ, мен қиындықтар туралы алдын-ала білдім және бәрі мен ойлағандай болды. Университетте оқу - бұл титаникалық жұмыс.

Үлкен, өте ауыр жұмыс. Мамандықтың тағы бір сөзсіз артықшылығы - бұл жоғары интеллектуалды санатқа жатады. Дәрігер үнемі кәсіби әдебиеттерді оқып, науқастардың жағдайын зерттеп, жаңа жаңалықтар ашуы керек. Бұл мобильді, ізденгіш ақыл-ойы бар адамдар үшін өте қызықты болатынына сенімді болдым.

Бірақ университетті тастап, басқа бір нәрсе жасау-менің ойыма келген емес. Шынында да қиын кезеңдер болғанына қарамастан менің ақыл-ой асқан кернеу, сонымен қатар, дайындалған ұйқысыз түндер бастан өтті. Мүмкін, бұл адамның қасиеттеріне де байланысты: мен мақсатты адаммын, егер мен бірдеңе жоспарласам, онда мен оны міндетті түрде жасаймын.

- Оқу сапасын қалай бағалайсыз? Университетте алған біліміңіз қазір қаншалықты жеткілікті?

- Біздің Ахмет Ясауи университеті — түркі әлеміндегі бірегей университет. Университет ғалымдарының ғылыми жобаларын жүзеге асыру жыл сайынғы және ұзақ мерзімді ғылыми жоспарлау негізінде

ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің

тұрақты бақылауымен жүзеге асырылады. Түркия мемлекетімен және де көптеген шет елдермен академиялық тұрғы бойынша екі жақты келісім шарттар мен меморандумдар түзілген. Магистратура және докторантура оқу жоспарлары бойынша Түркия, Россия елдерінде оқу мен ғылым бойынша барып, тәжірибе жинақтадық. Менің ұстаздарым өте керемет — мықты, бізге білім беру үшін көп күш жұмсады. Әрине, олар бізге көп нәрсе үйретті. Олардың көпшілігінде жанға өте жылы сезім қалды. Қазіргі таңда олардың барлығы көрнекті дәрігерлер, профессор-оқытушылар, бірге

қызметтеспіз. Сол кезде біз студенттер үлкен аңғалдық көздерімен, оларға таңданыспен қызығушылықпен қарадық. Мен армандаған мүмкіншілік осындай болған.

Университетте оқу және оқытушы-дәрігер болып жұмыс істеу — бұл үнемі өзін-өзі жетілдіру және кәсіби маман ретінде күнделікті жұмыс. Мен әрқашан оқу мен ғылымға деген ізденістің, қазірдің өзінде жұмыс істеген кезде — он жылдан кейін де, жиырма жылдан кейін де үнемі жалғасатынын түсінемін.

- Қандай кәсіби армандарыңыз бар?

— Профессор атағын алғым келеді. Біз айтқандай, әртүрлі шетелдік тағылымдамаларға бару. Мен өзімнің клиенттік базамның болуын армандаймын, яғни сізді білетін науқастар. Науқастар үшін менің атым бос дыбыс емес, шынымен де жоғары білікті маман ретінде соған жетуге деген үмітім бар.

- Сіз болашақ осы университетті таңдап, медицина мамандығына оқуға түсем деген талапкерлерге не айтар едіңіз?

— "Мен неге дәрігер болғым келеді" деген сұраққа жауап бере отырып, студент осы мамандықтың бірнеше артықшылықтарын тізімдей алады, олар әлі де ол үшін шешуші болып табылады. Дәрігер мамандығы - барлық уақытта сұранысқа ие мамандықтардың бірі.

Менің айтатыным, мамандық таңдауда өз қалауыңыз болу керек. Дәрігер-бұл жанның мамандығы, сіз жүрегіңізді ұстануыңыз керек және Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-іне түсуге шақырамын.

Сыр бөліскен: Ж.ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҰСТАЗ-ПАЛУАН

16-17 мамыр аралығында Самбо күресінен спорт шеберлері арасынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Қазақстан біріншілігінде Медицина факультеті хирургиялық аурулар кафедрасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Шора Сейдинов Самбо күресінен спорт шеберлері арасынан М 7 жас аралығында 88 келі салмақ дәрежесінде 2 орын иемденді.

Шора Мұсалыұлын жеңісімен құттықтаймыз!





Ahmet Yesevi Üniversitesinde “Tehlikedeki Diller Bağlamında Halaç Türkçesinin Konumu” Konferansı Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü tarafından düzenlenen «Perşembe Konuşmaları» programı kapsamında 06 Mayıs 2021 Perşembe günü Nazarbayev Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Sonel Bosnalı “Tehlikedeki Diller Bağlamında Halaç Türkçesinin Konumu» başlıklı bir konferans verdi.

Moderatörlüğünü Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent Bayram'ın yaptığı konferansın ilk bölümünde Prof. Dr. Bosnalı, Halaçça ile ilgili yapılan akademik çalışmalara değindi.

Konuşmasının ikinci bölümünde “Halaç Türkçesi yok olma tehlikesi yaşıyor mu?” sorusunu yanıtlayan Bosnalı, Halaççanın içinde bulunduğu durumunun 1,7 ölçeğiyle, “ciddi tehlike” aşamasında olduğunu söyledi. Bosnalı, son olarak tehlikedeki diller arasında yer alan Halaçça ile ilgili yapılabilecek projeler ve alınması gereken tedbirler hakkında bilgi verdi.

Konferans soru-cevap bölümünün ardından, Prof. Dr. Bülent Bayram'ın Prof. Dr. Sonel Bosnalı'ya online teşekkür belgesi takdimi ile son buldu.

Öğrencilerimiz XI. Kazakistan Üniversitelerarası Yaz Oyunlarında Birinci Oldu

Üniversitemiz ev sahipliğinde düzenlenmekte olan XI. Kazakistan Üniversitelerarası Yaz Oyunlarında Sambo güreş müsabakalarında Üniversitemizin kız ve erkek takımları birinci oldu. Abay Milli Pedagoji Üniversitesi ikinci sırayı elde ederken Atıray Halel Dosmuhammedov Üniversitesi üçüncü sırada yer aldı. Müsabakalarda mücadele eden sporcularımızı ve onları yetiştiren hocalarımızı tebrik ederiz.



Değerli Türkiyeli kardeşlerim, meslektaşlar!



19 Mayıs Mustafa Kemal Atatürk'ü Anma, Türkiye Cumhuriyeti Gençlik ve Spor Bayramı münasebetiyle en derin kalbi duygularıyla tebrik ediyorum!

Uzun bir geçmişi olan bu bayramın Türkiye için özel bir yeri vardır. Ulusal bağımsızlık hareketine silahlı gençlerin ayağa kalktığı anlamlı bir gündür. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi iki ülke arasındaki işbirliğinin simgesidir, Türk gençliğini birleştiren bir dostluk köprüsü haline gelmiştir. Üniversite adına Türk halkları arasında işbirliği ve dostluk ilişkileri gelişmesini temenni ederim.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi çalışanları olarak Türk kardeşlerimizi Türkiye Cumhuriyeti Gençlik ve Spor Bayramı'nı içtenlikle kutluyor ve kardeş Türk halkına sağlık, huzur, güven, başarı ve mutluluklar dileyerek gençlik ve spor bayramını kutlarız.

Zhanar Temirbekova
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası
Türk-Kazak Üniversitesi Rektörü

Üniversitemiz Öğrencileri Sambo Güreşinde Madalya Kazandı

Üniversitemiz ev sahipliğinde düzenlenmekte olan XI. Kazakistan Üniversitelerarası Yaz Oyunlarında Sambo güreş müsabakalarında 98 kiloda Aydarbek Toktarbek altın madalya; 58 kiloda Aydınbay Kayırberdi altın madalya; 58 kiloda Jasulan Narimanov gümüş madalya; 71 kiloda Kuandık Şadiyar bronz madalya kazandı. Sporcularımıza başarılar diliyoruz.

Öğrencilerimiz XI. Kazakistan Üniversitelerarası Yaz Oyunlarında Madalya Kazandı

Üniversitemiz ev sahipliğinde düzenlenmekte olan XI. Kazakistan Üniversitelerarası Yaz Oyunlarında sambo güreş müsabakalarında 50 kiloda Jadira Payız, 72 kiloda Aynur Akjigitov altın madalya; 50 kiloda Ayjan Jilkıbayeva, 80 kiloda Aygerim Maksat, 59 kiloda Gülzira Kudasbek gümüş madalya; 59 kiloda Fatiha Rahimjanova bronz madalya kazandı. Sporcularımıza başarılar diliyoruz.

СПОРТ

XI ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДАДАН ФОТОРЕПОРТАЖ



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru